




## ӨРІК ӨРІСІ



Кәдімгі ыстық өңірлерде өсетін жемістердің тау арасында жайқалып тұрғанын көріп пе едіңіз? Биыл Алматы облысының Ұйғыр ауданында ауқымы 100 гектар жерді алатын абрикос алқабы пайда болды. Бұрын алма өсіріліп келген атырапта енді жемістің осындай түрі де бұр жара бастады. Аудандағы «Шонжы Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеміс ағаштары алқабын жасау жобасын Индустрияландыру картасының шеңберінде қолға алыпты. ...Осы кезде менің есіме бала шағым түсіп отыр. Өз аталарым да, нағашы жұртым да шетінен ағашқа жан бітірген айтулы бағбандар болды. Анамның ағасы Есмахан будандастыру жолымен бір дарактан бірнеше мәуе шығара беретін өте ұсынақты кісі-тін. Сталинград түбіндегі қырғыннан оң аяғын сауғаға беріп оралған Ыбырай атам қос балдақпен жүріп, тіпті, құдық қазса да, соның айналасын бірден жасыл желек пен бау-бақшаға айналдырып жіберетін еді. Ал Әбдірей атамның арғы шетіне жүгірген баланың өкпесі өшетін үлкен бауында өспейтін жеміс түрі кемде-кем болатын. Солардың арасында ойнап өскен біз үшін көлемі кішкентай баланың жұдырығына жақындап қалатын абрикос та көзге қазір ерекше ыстық көрінеді. Осының да әсері болар, әлде бағбандықтың бабын байыптаған аталарым есіме түсіп кетті ме, Алматы облысының таулы ауданының алабында абрикос алқабы пайда болғанын естігенде, кәдімгідей қуанып қалдым. «Кәдімгідей» демекші, біз сөз етіп отырған абрикос ботаниктер тілінде «кәдімгі өрік» деп аталады екен. Ал біз оны кей-кейде «ірі өрік», бұдан гөрі шағындауын «сары өрік» деуші едік. Міне, сол кәдімгі өрік Қазақстанның негізінен түстік өңірлерінде, соның ішінде Алматы, Оңтүстік

Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында өседі. Бірақ оның Алматының таулы өңірлерінде тіршілік етіп кететіні жайында ілгеріде естімеппіз. Айтылып отырған «Шонжы Агро» үлкен тәуекелге барып, биыл абрикос пен сол секілді топырағы жылы, күні ыссы өңірлерді сая ететін шабдалы ағаштарының көшетін егіп тастапты. Ал бұдан бір жыл бұрын бұл маңға сүйекті жеміс ағаштары көшеттерін отырғызу туралы тіпті сөз де қозғала қоймаған екен. Себебі, ол мүмкін емес нәрседей көрінген. Сонда да болса, аграршылар күндердің күнінде кәсіпкерлер палатасына шығып, өз ұсыныстарын алға тартып баққан. Нәтижесінде оның жай-күйін жан-жақты зерттеген сарапшылар ұсыныстан мін таппаған. Дәлірегі, бұл өлкеде аталмыш сүйекті жеміс ағаштарын өсірудің тиімділікке жеткізетінін дәлелдеп берген. Сонымен, тың іске құлаш ұрылып, ниетке нәсіп етілген. Қазіргі күндері сол көшеттері күнге қарап бой түзеп, желге қарап сән түзіп, айтақырлы алқапта жапырақтарын жайқалта, өндірдей болып өсіп келеді. Жалпы, серіктестікке осы мақсатта барлығы 800 гектар жер бөлінген. Облыстық кәсіпкерлер палатасы Ұйғыр аудандық филиалының директоры Мүсілім Амангелдінің айтуынша, биыл алғашқы жылы осыншама жердің 100 гектары игеріліп, сары өрік пен шабдалы көшеттері отырғызылып шыққан. – Біз «Шонжы Агро» ЖШС үшін бизнес-жоспар талдап, жасап шықтық. Заңгерлер оның құрылтайшылық құжаттарын дайындауға көмектесті. Сөйтіп, серіктестіктің өндірісші ретінде Индустрияландыру картасына кіруіне ықпал жасадық. Осыдан кейін аймақтық кредит кеңес компанияға 800 гектар жерді бөліп берді. Кәсіпкерлер бұл алқапты алдағы үш жылдың ішінде толық игеріп шығатын болады, – деді Мүсілім Амангелді. Оның айтуынша, аймақтың климаты мұнда жылдың кез келген мезгілінде жұмыс жасауға жақсы мүмкіндік береді. Сондықтан көктемде 30 гектар жерге жеміс ағаштары отырғызылса, жаз ортасы ауа қалған 70 гектарын егу қолға алынған. Ал олар толық отырғызылып болып, мәуе бере бастаған кезде бұл жерден жылына 400 тонна өнім жинап алу жоспарланып отыр екен. Ал облыстық кәсіпкерлер палатасы жобаларды қолдау бөлімінің сарапшысы Дана Қалықованың айтуынша, мұндай көлемдегі өнім аймақтың сұранысын толық қамтамасыз ете алатын болады. Тіпті, сыртқа жеміс шығарып тұруға да мүмкіндік береді. – 2018 жылы кәсіпкерлер жемісті сығу жолымен оның шырынын дайындау зауытын салуды межелеп отыр, – дейді сарапшы бұдан әрі. – Сөйтіп, өңірде ешқандай консервант қосылмаған таза, табиғи өнім шығару қолға алынғалы тұр. Оларды тарату мәселесі де шешіліп қойылды. Негізінен біздің өнімдерімізді сатып алуға шетелдік компаниялар мүдделі болып отыр. Жалпы, биыл Ұйғыр ауданында жаңадан 261 бақ учаскелері мен алқаптары пайда болған екен. Аудан бойынша 6 мыңнан астам адам шағын бизнеспен айналысып келеді. Сөз соңында, сары өрікке қатысты тағы бірер сөз. Адамзат баласы жемістің бұл түрін мыңдаған жылдардан бері пайдаланып келеді. Дәмі өте жұғымды болып келетін ол ашығып қалған жанның да аранын жедел басады. Құрамында калориясы аз, әр жүз грамында небәрі 41 килокалория болғанына қарамастан, сары өрік ағзаны түрлі витаминдермен және микроэлементтермен тез толықтырады. Кәдімгі өрік сондай-ақ, бірқатар

аурулардың алдын алуға, адамның жұмыс істеу қабілетін күрт арттыруға көмектеседі. Соның ішінде, медицинада бета-каротиннің ошағы ретінде танылып қалған ол түрлі қатерлі ісік аурулары мен жүрек кеселінің алдын алуда айтарлықтай белсенді қызмет атқарады. Құрамында темір көп болғандықтан, өріктің бұл түрі адам ағзасындағы калийді көбейте отырып, қан аздық ауруларын жеңуге де мұрындық болады. Оның пайдасы, әсіресе, өсіп келе жатқан балалардың бойының өсуіне айрықша серпін беруімен айрықша құнды көрінеді. Тереңдетіп білем деген адамға сары өріктің бұдан да басқа пайдалы тұстары аз емес. Сол себепті, Алматы облысында пайда болған өрік алқабы турасында осындай ода жазуға тура келді.